

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 наурыздағы N 305 Қаулысы

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 2008 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервінен 165794 (бір жүз алпыс бес мың жеті жүз тоқсан төрт) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 31 наурыздағы  
N 305 қаулысына

ҚОСЫМША

### Орындауға жататын сот шешімдерінің тізбесі

Р / с N	Сот органының атауы мен шешімнің шығарылған күні	Талапкер	Мемлекеттің кірісіне түсетін мемлекеттік бажды шегере отырып, сомасы (теңге)	Мемлекеттің кірісіне мемлекеттік баж (теңге)
1	2	3	4	5
1	Алматы қаласы Алматы аудандық сотының 1997 жылғы 14.08. шешімі, Алматы қаласы Алматы аудандық сотының 2002 жылғы 08.03. ұйғарымы, Алматы қалалық сотының	Е.И. Пак	2007 жылғы қарашадан бастап 2008 қоса алғандағы кезең	

	қадағалау алқасының 2004 жылғы 23.02. қаулысы, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2007 жылғы 14.09. ұйғарымы		ішінде - 23 040	
2	Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 1997 жылғы 10.09. шешімі, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2002 жылғы 11.04. ұйғарымы, Алматы қаласы Алматы аудандық сотының 2003 жылғы 24.12. ұйғарымы, Алматы қаласы Алматы аудандық сотының 2005 жылғы 10.06. ұйғарымы	Ю. И. Литвиненко	2007 жылғы қарашадан бастап 2008 жылғы ақпанды қоса алғандағы кезең ішінде - 17 778	
3	Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2003 жылғы 15.09. шешімі, Астана қалалық сотының азаматтық істер алқасының 2003 жылғы 09.12. қаулысы, Астана қалалық сотының қадағалау алқасының 2005 жылғы 30.06. қаулысы	Ф. М. Кәрімов	2007 жылғы қарашадан бастап 2008 жылғы қазанды қоса алғандағы кезең ішінде - 124 976	
<b>Жалпы сомасы:</b>			<b>165 794</b>	